

Медициналық қызметтерді көрсету шарттары, нысаны және оларға ақы төлеу тәртібі туралы мәлімет

1. Ақылы медициналық қызметті алу үшін емхананың анықтамалық, тіркеу орнының тіркеушісі ақылы медициналық қызметтер бойынша ақпарат алу үшін пациенттерді ақылы медициналық қарап-тексеру кабинетіне (1 қабат, ақылы бөлімше, Мәңгілік Ел даңғылы, 16/1) жібереді.

2. Ақылы қызмет бойынша ақпарат алғаннан кейін емхананың баға преysкурантына сәйкес қызметке ақы төлеу үшін кассаға жіберіледі.

3. Төлем туралы түбіртеккі және кассирдің қолы қойылған және төлем туралы мөртабаны бар кіріс-кассалық ордердің сол жақ жыртылмалы бөлігімен фискалдык түбіртеккі алғаннан кейін пациент одан әрі бағыттау үшін бағыттау парағын немесе нысанын алу үшін ақылы қызметтер кабинетіне қайтарылады (қажет болған жағдайда 075, 076, 028, 073 нысандары бойынша медициналық тексеруден өту; егер пациент маманның консультациялық қызметіне мұқтаж болса, диагностикалық емшаралар, содан кейін дереу фискалдык түбіртеппен кассир тиісті кабинетке жібереді).

4. Медициналық қызмет пациентке бағыттау парағы мен тиісті төлем құжатын көрсеткен кезде ғана көрсетіледі. Емхананың медицина қызметкерлеріне пациенттерге бағыттау парағынсыз және төлемді растайтын құжатсыз ақылы медициналық қызметтер көрсетуге тыйым салынады.

5. Медициналық қызметтер көрсетілгеннен кейін медициналық қызметтерді тікелей көрсететін медицина қызметкері нысанда қол қояды. Егер берілген нысанда осы қызметті көрсеткен білікті дәрігердің қорытындысы болмаса, медициналық қызметтер көрсетілмеген болып есептеледі.

6. Пациент зертханалық-диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін алғаннан кейін кәсіптік жарамдылығы туралы кәсіптік патолог дәрігердің қорытынды қолын алу үшін ақылы қызметтер кабинетінің нысанын не жеке санитариялық кітапшасын ұсынады.

7. Медициналық қызметке ақы төлеу:

1) фискалдык жады бар бақылау-касса машиналарын міндетті түрде қолдана отырып және пациентке бақылау түбіртегін бере отырып, касса арқылы қолма-қол есеп арқылы;

2) ақылы қызмет көрсетуге арналған шартта көрсетілген емхананың ағымдағы шотына аудару жолымен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы жүзеге асырылады.

8. Төленген соманы қайтару мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) медициналық қарап-тексеруді мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде;

2) медициналық қызметті емхананың кінәсінен көрсету мүмкін болмаған кезде (препараттың болмауы, аппаратураның сынуы және т. б.);

3) пациентке медициналық қызметті (емшараны) одан әрі жүргізуге қарсы болған кезде;

4) пациенттің қалауы бойынша, егер ол медициналық тексеруді аяқтамаса.

9. Төленген ақша кәсіптік патолог дәрігерінің мөрі қойылған сол жақ жыртылмалы түбіртектің артқы жағында сомасы сөзбен жазылған жазбаша нұсқау негізінде қайтарылады.